



# ТУРАН-КАЗАЛЫ

№89  
(2260)  
Сенбі  
2 қараша  
2024 жыл

Газет  
2003 жылдың  
5 қаңтарынан  
шығады



Аймақтық  
ақпараттық-  
танымдық  
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

## АУДАН ӘКІМІ «ӨРКЕНДЕУ», «БІРЛІК» ЖӘНЕ «АРАНДЫ» АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Сырдарияның арғыбетіндегі «Өркендеу», «Бірлік» және «Аранды» ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесіп, елді мекендердегі әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Үш ауылда өткен кездесулерде аудан басшысы жыл басынан бері ауданда атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарға тоқталып, алда атқарылар міндеттердің де аз емес екендігін тілге тиек етті.

Тұрғындар мекендердегі желілерінің көнергендігін, жарық жиі сөнетіндігін, елді мекен аумағындағы жеке шаруашылыққа тиесілі, алайда ешқандай мақсатта игерілмей бос жатқан жерлерді қайтарып алу жөнінде және балабақша салу мәселелерін әңгімеледі.

Аудан басшысы тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерге жеке-жеке тоқталып, тиісті заңдылыққа сәйкес жауап берді.

«Бірлік» ауылындағы жер

мәселесіне қатысты қазіргі таңда жеке шаруашылықтан жайылымдық және шабындық жерлерді қайтарып алу жөнінде жұмыстар атқарылып жатқандығын, ал жарықтың жиі сөнугіне байланысты жауапты мекемеге елді мекендегі электр желілерін қайта жаңғырту бойынша тиісті басқармаға ұсыныс жасауға тапсырма берді.

Кездесулерде аудан басшысы жеке мәселелері бойынша жүгінген тұрғындарды қабылдап, олардың көтерген мәселелері бойынша нақты жауап берді.

«Аранды» ауылдық округінде өткен кездесуде аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға ауыл халқы оң бағасын беріп, ризашылығын жеткізді.

Тұрғындармен өткен кездесулерден кейін аудан басшысы ауылдық округтердегі мектеп, балабақша, дәрігерлік амбулатория, ауылдық клуб сынды әлеуметтік нысандарды аралап, ғимараттардың жылуы мен бу қазандықтарының жұмысын тексеріп шықты.

●Баспасөз - 2025

## ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮНДЕЛІКТІ БАҚЫЛАУДА

Соңғы жылдары Қазалы ауданында елді мекендерді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Бүгінгі таңда аудан орталығына жақын орналасқан Ғ.Мұратбаев, Жалаңтөс батыр, Қ.Пірімов, Басықара ауылдары көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Жақын күндері аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Абай аулына да көгілдір отын қосылды.

Ал биыл ауданда елді мекендерді газдандыруда 3 жоба жүзеге асырылуда. Бұл Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев

елді мекендеріне магистральды газ құбырын тарту жұмыстары.

Бес ауылға магистральды газ құбырын тарту жұмыстары аудан әкімдігінің үнемі бақылауында. Аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев елді мекендерге газ құбырын тарту жұмыстарын бақылап, мердігер мекеме қызметкерлерімен кездесті. Ақтан батыр аулына орамшілік газ желілерін жүргізу жұмыстарымен танысты.

Аудан әкімінің орынбасары мердігер мекеме қызметкерлеріне күн жылы уақытта биылға

жоспарланған жұмыстарды мерзімінде бітіріп, қаржыны игеру қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, жұмыстың ең әуелі сапасына мән беруді тапсырды.

Айта кетейік, елді мекендерге тартылатын газ құбырының жалпы ұзындығы 56,8 шақырым. Бұл жұмыстармен мердігер мекеме «Отау – Строй» ЖШС айналысуда.

Жұмыстардың барлығы толығымен аяқталғаннан кейін аудандағы елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 68 пайызды құрамақ.

**Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі**

## 2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2025 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелермен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

**Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы**



## ДІНГЕ БЕТ БҰРҒАН АЗАМАТ

Беганыш Жақсыбайұлы сонау кеңестік кезеңде полиция (милиция) қызметін атқарып жүргенде аудандық «Ленин туы» газетіне мақалаларын жиі жариялап, осылайша шығармашылыққа икемділігін танытып, журналистер қауымымен етене араласқан-ды. Жасымыз қатарлас болған соң ба, бізге үйірсекті. Оның үстіне шығармашылық жайлы әңгімеміз жарасым табатын. Кейін оның өмір жолына да қанық болдық.

Түйсінгеніміз Беганыш өмірде көп тепірең көрген. Өзінің айтуынша «Сарыкөл» ауылдық округінде 1950 жылы шаруа отбасында дүниеге келген. Анасы аурушаң болыпты. Әкесі колхоздың қара жұмысынан қолы бір босамайтын шаруа адамы. Ерлі-зайыптылар перзентке кенде болмаған, алайда он баласы жас кезінде шетінеп кетіп, Жұбаныш пен Беганыш ғана аман қалған. Аурушаң анасы Беганыштың жеті жасында өмірден озыпты. Анасының асыл бейнесі еміс-еміс көз алдында көлбеңдеп, сартап болған сағынышы жүректі мазасыздандыратын кездері аз емес.

Анасыз жетім шын жетім демекші, жастайынан Беганыштың басына қиындық бұлты жиі үйірілді. Алғашқы білімге талпынысы да оңай болған жоқ. Сталин атындағы колхоздың орталығындағы №92 мектептің табалдырығын аттап, интернатта жатып оқып, білім есігінің қақпасынан имене аттағанымен, кейін отбасылық жағдайының қиындығына байланысты «Қазалы» қой совхозының орталығындағы №100 орта



пындырады.

Бозбала жігіт Отан алдындағы борышын Ресейдің Саратов қаласындағы әскери бөлімшеде өтегенде ширап, толысып, қатарластарынан озықтығын байқатады. Мінсіз қызметінің, икемділігінің арқасында комсомол ұйымының жетекшілігіне таңдалады. Мақтау, мадақтау есітеді. Мақтанатындай жағдай өзі. Әскердегі борышын өтеп қайтқанда КСРО ішкі істер Министрлігіне қарасты ішкі әскер қызметінің үздігі және полк командирінің мақтау грамотасын алып елге оралады. Осы мадақтау қағаздары оның мамандық таңдауына бірден бір себепкер болады.

1971 жылы әскерден оралған жас жігіт аудандық комсомол комитетінің жолдамасымен Қазалы аудандық ішкі істер бөліміне қатардағы милиционер болып қызметке алынады. Келер жылы Қарағанды қаласындағы милиция қызметкерлерін даярлайтын оқу орнында 5 айлық курста оқып, білімін жетілдіреді. Ол қызметке алынғаннан бастап өзіне міндеттелген жауапкершілікті әрдайым мүлтіксіз орындауға, тәртіпті қатаң сақтауға дағдыланды. Осындай қасиеті Беганыштың

ұжымында абыройлы болуына көп ықпал етті. Қызметте сатылап өсуіне негіз қалады.

Беганыштың өмір дерегіне көз жүгіртсек іскерлік қабілеттері айқындала түседі. Мысалы ол үш қылмыстық істі өзі зерделей жүріп ашқан қырағылығы үшін кезектен тыс партия қатарына қабылданған. Ал, ол кезде партия мүшелігіне қабылдану екінің бірінің қолы жете бермейтін абырой. Шығармашылығының, қабілетінің арқасында аудандық ішкі істер бөлімінің «Чекист» қабырға газетінің 17 жыл редакторы қызметін қоғамдық негізде атқарды. Үнпарақ облыстық ішкі істер басқармасы қызметкерлері арасында жоғары бағаланып, өзінің аты-жөні жазылған

қол сағатты иеленді. Құқық қорғау мекемелерінің комсомол ұйымының хатшысы болып 6 жыл қоғамдық қызмет атқарғаны өз алдына бөлек әңгіме. Тынымсыз, жалықпайтын Беганыштың өзінің негізгі қызметіне қоса пагондылар өмірінен құнды материалдар жинақтап, 1981 жылы аудандық ішкі істер бөлімінде «Жауынгерлік Даңқ» музейін ашып, жабдықтап, оны құжат материалдарымен толықтырды. Мұндай музей облыстағы аудандық ішкі істер бөлімінің ешқайсысында ұйымдастырылмағандықтан алтын зерлі генералдар: Б.Омаров, Е.Демесінов, М.В.Филипенко музей экспонаттарымен танысып, лайықты бағасын берді.

Осындай өркенді істердің ұйтқысы болып жүрген қатардағы полиция қызметкері Беганыш Жақсыбаевтың еңбегі бағаланып, қызметтері сатылап өсті. Бөлімнің бөлімше командирі, потрульдік қызмет бөлімшесінің командирі, әкімшілік жолмен айыпталғандарды ұстау мекемесінің бастығы, уақытша тергеу абақтысының бастығы қызметтерін абыроймен атқарғандығын әріптестері де ықыласпен әңгімелейді. Содан болар Бекеңнің еңбегіне орай марапаттары да жетерлік. Ол «КСРО полициясының үздігі», «КСРО қорғаныс қызметінің үздігі», «Қоғамдық тәртіп қызметінің үздігі», «Мінсіз қызметі үшін» III, II, I дәрежелі медальдары мен «I-ші класты милиционер» төсбелгісінің иесі.

Беганыш Жақсыбаев 1995 жылы зейнеткерлікке шықса да жоғары органдар марапаттан кенде қалдырып отырған жоқ. Жыл сайын ішкі істер органының ардагері ретінде құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтармен марапатталады. «Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері» деген атағы бар. Қазақстан Республикасы полициясының 20,25,30 жылдық мерекелік медаліде Бекеңнің төсінде жарқырайды.

Ардақты ардагер үлгілі отбасының басшысы. Ақжыға есімді зайыбы екеуі Бексауыт, Жасұлан есімді перзенттеріне үлгілі тәрбие беріп, қазір екеуі де отбасын құрып, бақытты өмір сүруде.

Ерекше атап айтар жағдай, Беганыш құрбымыз зейнеткерлікке шыққан соң өзгелерге үлгі көрсетіп, имандылыққа бет бұрды. 1999 жылы имандылық үйіне барып, мешітте дәрістер тыңдаудан бастады. Намазды қаза қалдырмайды. Ораза ұстауды да қалыс қалдырған кезі жоқ. Имани тұрғыда ізгі сауапты да, сауатты амалдарды білікті имамдардан үйренген.

Қазір Бекеңнің күнделікті орны мешітте. 25 жылдан бері ауданның бас мешітінің баспасөз хатшысы болып қызмет атқарады. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Және мешіттің ондық алқа мүшесі. «Нұр», «Ислам және өркениет» және аймақтық «Тұран-Қазалы» газеттеріне діни, басқада тақырыптарда мақалаларды жариялап отырады.

-Әкем марқұм: «Балам анаң өмірдің қызығын көрмей ерте кетті. Оған кәзір ештеңенің керегі жоқ. Оған керегі Алланың көлемі құран аяты, сүрелерін оқыған абзал болады», -деп Фатиха, Ықылас сүрелерін жастайымнан маған үйретіп еді, жарықтық. Бозбала кезімде де анамның зиратының басына барғанымда дұғамды арнап оқитынмын. Сол үрдіс әлі де жалғасуда. Дұғамды оқысам бір іс тындырғандай рахаттанып қаламын, -дейді полиция ардагері Беганыш Жақсыбаев.

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ**



мектепте, қазіргі Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр атындағы №70 (№420) мектепте оқуын жалғастырды. Қазалы қаласындағы кешкі жұмысшы-жастар мектебімен сол кездегі №34 кәсіптік – техникалық училищесінде қатар оқып, аттестатпен мамандық куәлігін алды.

Тағдыры қиындықтан көмкерілген бозбаланың бірте-бірте өмір жайлы өзіндік түсінігі қалыптасып, адамдар қатынасындағы беймәлім сырлар жайлы ой түйе бастайды. Есеюге талпыныс жасап, адалдық, кішіпейілділік, шыншылдық, достық, қайырымдылық ұғымдары бойында қалыптасып, жастайынан бойына біткен еңбекқорлығы оны алдағы асуларға тал-



## АРХИВТІК АНЫҚТАМАЛАРДЫ АЛУ ТӘРТІБІ

Қазалы аудандық архиві филиалының негізгі қызметтік бағыттарының бірі – жеке және заңды тұлғалардың әлеуметтік-құқықтық сипаттағы және тақырыптық сұраныстарын орындау болып табылады. «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі. Өтініштерді қабылдау және архивтік анықтамаларды беру мемлекеттік архив кеңсесі, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация), [www.egov.kz](http://www.egov.kz). «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметтің нәтижесі 11(он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін екі немесе одан да көп ұйымдардың, сондай-ақ уақыты 5 жылдан асқан кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайларда, жауапты орын-

даушы қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылғандығы туралы көрсетілетін қызметті алушы-ны хабардар етеді. Құжаттар мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда жауапты орындаушы құжаттар түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін сұратылған мәліметтердің мемлекеттік сақтауда жоқ екендігі туралы немесе сұранымды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жолданғандығы туралы жауап дайындайды. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі. Құжаттарды қабылдау кезекке тұру тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен қабылданады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтар арасында ақпараттық - түсіндіру жұмыстарын күшейтуге шақырып "Сыбайлас жемқорлық - ауру, оған қарсы күрес – біздің парызымыз" қағидатын енгізуді ұсынды. Бұл халық үшін қолайлы жағдай жасау, бюрократтыққа тосқауыл және көрсетілетін мемлекеттік қызмет берушілер арасында жемқорлыққа жол бермеудің

бірден бір жолы.

Қ а з а қ с т а н Республикасының экономикасын дамыту, жақсарту мақсатында елімізде барша мемлекеттік қызмет көрсету түрлері электронды түрде жүргізіледі. Соның ішінде архивтік анықтамалар беру қызметі де бар. Архив мекемелерінің басты мақсаты - сапалы әрі тиімді қызмет көрсету болып табылады. Сондықтан дөңгелек үстелдер өткізіліп, бейнероликтер түсіріліп, мақалалар жазылып баспасөз беттеріне жарияланады. Сонымен қатар, Қазалы аудандық архиві филиалдарында халыққа «Өзін-өзі қызмет көрсету бұрышы» үздіксіз жұмыс істейді.

Қазалы аудандық архиві филиалына 2024 жылдың алты айында әлеуметтік - құқықтық сипаттағы және тақырыптық сұраныстарының орындалуы бойынша 580 сұраныс келіп түсті. Оның ішінде хат түрінде - 21, мемлекеттік корпорация арқылы - 28, кеңсе арқылы - 182, E-gov электронды үкімет порталы арқылы 349 сұраныс жүзеге асырылды. Барлық сұраныстар 60% электрондық үкімет порталы арқылы орындалды.

Сонымен бірге, ТМД және алыс шетелдер азаматтарынан зейнетке шығу, жұмыс өтілі, туу туралы куәлігі, жер және саяжай учаскелерін беру, медаль, ордендер-

мен марапатталуы, ата-бабаларына көше атауларын беру, мекеме атауларының өзгергендігі туралы сұраныстар қамтылады.

Осы уақытқа дейін бірнеше электронды бағдарламаларды жүзеге асыру бағытында жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде барлық мемлекеттік органдардың басын біріктірген «Электронды үкімет» бағдарламасы халық арасында кеңінен таныла бастады. Бүгінгі күні осы бағдарламамен өз үйіңізде отырып –ақ, тіпті ұялы телефоныңыз арқылы да жеке басыңызға қажетті анықтамаларды сұратуға болады. Ол үшін әр азамат халыққа қызмет көрсету орталығынан немесе онлайн түрде «электронды кілті» (ЭЦК) алса болғаны. Бұл бағдарлама арқылы әрбір қазақстандық азамат республиканың кез келген аймағындағы мемлекеттік архивтерден қажетті анықтамасын ала алады.

Сонымен қатар, «Электронды үкімет» порталы жалпы көрсетілетін электронды қызмет бойынша 100 пайыздық деңгейге жету мақсатында «Ақпаратты Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі тапсырманың шешу жолы болып табылады.

**Н.НҰРЖАУБАЕВ,**  
Қазалы аудандық архиві филиалының архивисті

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

2024 жылғы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл жолдауда бірнеше маңызды мәселелерге тоқталды. Жолдаудың негізгі бағыттары экономикалық өсім, заң мен тәртіпті сақтау және қоғамдағы оптимизмді арттыру болды. Жолдау елдің экономикалық өсімін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды бастамалар мен реформаларды қамтыды.

Ауыл шаруашылығы-экономикалық өсімнің қорғаушы күші. Президент ауыл тұрғындарын қолдауға ерекше назар аударды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауылдық аймақтарда инфрақұрылым құру және тұрғындарға өз өнімдерін өндіру мен сатуды үйрететін орталықтар ашу жоспары айтылды. Бұл жобаның

Жамбыл облысында сәтті жүзеге асқанын және басқа өңірлерде де тарату қажеттігін атап өтті.

Инвестицияға қолайлы орта қалыптастыру. Президенттің айтуынша шетелдік және отандық инвесторларды тарту экономиканы жаңғыртудың басты факторы болып қала бермек. Ол кәсіпкерлердің заңды құқықтарына кедергі келтіретін шенеуніктерге қатаң шара қолданылатынын айтты. Бұл экономикалық тұрақтылықты нығайтып, шетелдік инвестицияны арттыруға септігін тигізеді.

Инновация және индустрияландыру. Президент жаңа технологияларды енгізу және индустриялық секторды дамыту арқылы ұлттық экономиканы жаңғыртуды мақсат етіп отыр. Инновациялық шешімдер мен жаңа технологиялар арқылы Қазақстанның ішкі нарығындағы және халықаралық аренадағы пози-

циясы күшейеді.

Президентсалықжүйесінәділ әрі тұрақты ету қажеттігін атап өтті. Жеке табыс салығының мөлшерлемесін дифференциациялау ұсынылды, яғни табыс деңгейіне байланысты салықты әділ бөлу жоспарланады. Сонымен қатар, салықты әкімшілендіруде мәжбүрлеу шараларын азайту қажет деп саналды. Мысалы, салық берешегін мәжбүрлеусіз, ескерту арқылы өндіріп алу жолдары қарастырылуда. Егер салық қарызы белгілі бір шектен аспаса, банктік есеп-шоттар толық бұғатталмайды, тек қарыз сомасы бойынша шектеу қойылады. Бұл тәсіл кәсіпкерлікті қолдап, бизнеске түсетін қысымды азайтуға бағытталған. Жаңа Салық кодексінің жобасы 2025 жылы күшіне енеді деп жоспарланған, бірақ оған қатысты бизнес қауымдастығынан бірқатар сындар айтылды, сондықтан кодексті талқылау мерзімі

ұзартылды.

Бұл бастамалар арқылы Қазақстанның ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытталған. Мемлекет басшысынаң айтуынша заң мен тәртіпті нығайту, ауыл шаруашылығы мен инновациялық секторларды дамыту елдің экономикалық әлеуетін арттырудың маңызды қадамдары болмақ. Сонымен қатар, Жолдауда саяси реформалар да назардан тыс қалмады. Президент қоғамның мүддесіне сәйкес саяси жаңғыртулар біртіндеп жүзеге асырылатынын және «Күшті Президент-ықпалды Парламент-есеп беретін Үкімет» формуласы елдің тұрақтылығы үшін басты қағидат екенін айтты.

**Г.АБАТОВА,**  
Қазалы аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы, бас қазынашысы

## ІШКІ САУДА СУБЪЕКТІЛЕРІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Ішкі сауда субъектілеріне жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын көрсету қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар, ҚР Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 262-НҚ бұйрығымен бекітілген) бекітті.

Қағидаларға сәйкес мемлекеттік қолдау шаралары екі құралмен ұсынылған:

1. пайыздық мөлшерлемені субсидиялау;

2. кредиттер бойынша кепілдік беру;

Бұл құралдар алушылардың 4 тобына арналған:

- сауда нарықтарын жаңғырту;

- сауда объектілерін салу, кеңейту/реконструкциялау;

- үй жанындағы дүкендердің, кооперативтік дүкендердің айналым қаражатын толықтыру;

- бағдарламалық қамтамасыз етуді (IT-құралдар) әзірлеу.

Аталған бағдарламаға Астана, Алматы, Шымкент қалалары және сауда-ойын-сауық орталықтары қатыспайды.

Бағдарламаның шарттары бойынша облыс орталықтарында жобаларды іске асыратын ішкі

сауда субъектілері үшін кредиттер сомасы 3 млрд. теңгеден аспауы тиіс. Моно және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде жобаларды іске асыратын ішкі сауда субъектілері үшін кредит сомасы 1,5 млрд. теңгеден аспайды.

Субсидиялау мерзімі:

- инвестициялық мақсаттарға 5 жылдан аспайтын;

- айналым қаражатын толықтыруға 3 жылдан аспайды.

Айта кету керек, моно және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде ЭҚЖЖ бойынша шектеусіз барлық сауда қолдауға ие (46 «Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа көтерме сауда» және 47 «Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа бөлшек сауда» ЭҚЖЖ).

Мемлекет үшін субсидиялауды ескере отырып, кредит мөлшерлемесі 10,75% -ды құрайды, қарыз алушы - 85% -ды төлейді. Бағдарламаға Home және Kaspi банктен басқа барлық ЕДБ қатысады.

Жетіспейтін кепілдікті қамтамасыз етуді қамтамасыз ету үшін ішкі сауда субъектілері кредиттерге кепілдік беру түріндегі құралды пайдалана алады:

- жұмыс істейтін субъектілер кредит сомасының 50%-ға дейін;  
- бастауыш субъектілер (тіркеу мерзімі 3 жылдан аспайтын) кредит сомасының 85% дейін.

Кепілдік кредиттің бүкіл мерзіміне беріледі.

Ішкі сауда субъектілерінің жобаларына экономикалық қызметтің мынадай түрлеріне сәйкес қолдау көрсетіледі:

ЭҚЖЖ 46.90.3 «Көтерме-тарату орталықтарын қоса алғанда, сауда алаңы 2000 шаршы метрден астам (2000 шаршы метр және одан жоғары) сауда объектілерінде қандай да бір нақтылаусыз тауарлардың кең ассортиментін көтерме саудада сату»;

ЭҚЖЖ 47.11 «Мамандандырылмаған дүкендерде негізінен тамақ өнімдерімен, сусындармен және темекі бұйымдарымен бөлшек сауда жасау» (сауда объектілерінің ауданы 2000 шаршы метрден кем және одан көп);

ЭҚЖЖ 47.19 «Мамандандырылған емес дүкендердегі өзге де бөлшек сауда»;

ЭҚЖЖ 47.91.0 «Тауарларға пошта арқылы немесе Интернет

желісі арқылы тапсырыс беру жолымен бөлшек сауда»;

ЭҚЖЖ 68.20.3 «Меншікті немесе жалға алынған сауда нарығын жалдау (қосалқы жалдау) және басқару»;

Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, ЭҚЖЖ 68.20.4 «Сауда қызметіндегі меншікті сауда жылжымайтын мүлігін және көпфункционалды кешендерді жалға алу және басқару»;

ЭҚЖЖ 68.20.5 «Сауда-ойын-сауық орталықтарын қоспағанда, жалға алынған сауда жылжымайтын мүлігін және жалға алынған көпфункционалды кешендерді жалға алу (қосалқы жалға алу) және басқару».

Ішкі сауда субъектілерін жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қолдау экономикалық белсенділіктің өсуіне, әлеуметтік салаға, шағын және орта бизнесті дамытуға, сондай-ақ сауда инфрақұрылымын дамытуға бірқатар оң әсерін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті

## О ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКЕ СУБЪЕКТОВ ВНУТРЕННЕЙ ТОРГОВЛИ

Министерством торговли и интеграции Республики Казахстан (далее – Министрство) утверждены Правила оказания субъектам внутренней торговли мер государственной поддержки частного предпринимательства (далее – Правила, утверждены приказом Министра торговли и интеграции РК от

21 июня 2024 года №262-НҚ) в которых определены механизм и критерии предоставления мер государственной поддержки субъектам внутренней торговли.

Согласно Правилам, меры государственной поддержки представлены двумя инструментами:

1. субсидирование процентной ставки;

2. гарантирование по кредитам.

Данные инструменты предназначены для 4-х групп получателей:

модернизация торговых рынков;

строительство, расширение/реконструкция торговых объектов;

пополнение оборотных средств магазинов у дома, кооперативных магазинов;

разработка программного обеспечения (IT-инструменты).

В программе города Астана, Алматы, Шымкент, и торгово-развлекательные центры не участвуют.

По условиям программы сумма кредитов для субъектов внутренней торговли, реализующих проекты в областных центрах не должна превышать 3 млрд.тг. Для субъектов внутренней торговли, реализующих проекты в моно- и малых городах, сельских населенных пунктах, сумма кредита не превышает 1,5 млрд.тг.

Срок субсидирования составляет:

на инвестиционные цели – не более 5 лет;

на пополнение оборотных средств – не более 3 лет.

Стоит отметить, что в моно-и малых городах, сельских населенных пунктах поддерживается вся торговля без ограничения по ОКЭД (46 «Оптовая торговля, за исключением торговли автомобилями и мотоциклами» и ОКЭД 47 «Розничная торговля, кроме торговли автомобилями и мотоциклами»).

Ставка кредита с учетом субсидирования для государства составит 10,75%, заемщик оплачивает – 8,5%. В программе участвуют все БВУ, кроме Home Kaspi банк.

Для обеспечения недостающего залогового обеспечения субъекты внутренней торговли могут воспользоваться инструментом в виде гарантирования кредитов:

действующие субъекты до 50% от суммы кредита;

начинающие субъекты (со сроком регистрации не более 3-х лет) до 85% от суммы кредита.

Гарантия предоставляется на весь срок кредита.

Проекты субъектов внутренней торговли поддерживаются в соответствии со следующими видами экономической деятельности:

ОКЭД 46.90.3 «Оптовая торговля широким ассортиментом товаров без какой-либо конкретизации в торговых объектах с торговой площадью более 2000 кв.м. (2000 кв.м. и выше), включая оптово-распреде-

лительные центры»;

ОКЭД 47.11 «Розничная торговля в неспециализированных магазинах преимущественно продуктами питания, напитками и табачными изделиями» (площадь торговых объектов менее и более 2000 кв.м.);

ОКЭД 47.19 «Прочая розничная торговля в неспециализированных магазинах»;

ОКЭД 47.91.0 «Розничная торговля путем заказа товаров по почте или через сеть Интернет»;

ОКЭД 68.20.3 «Аренда (субаренда) и управление собственным или арендованным торговым рынком»;

ОКЭД 68.20.4 «Аренда и управление собственной торговой недвижимостью и многофункциональными комплексами в торговой деятельности», за исключением торгово-развлекательных центров;

ОКЭД 68.20.5 «Аренда (субаренда) и управление арендуемой торговой недвижимостью и арендованными многофункциональными комплексами в торговой деятельности», за исключением торгово-развлекательных центров.

Вышеуказанная государственная поддержка субъектов внутренней торговли окажет ряд положительных эффектов на рост экономической активности, на социальную сферу, развитие малого и среднего бизнеса, а также развитие торговой инфраструктуры.

Департамент торговли и защиты прав потребителей Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан по Кызылординской области

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР  
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР  
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.